

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к., ассоц. профессор
Бортебаев С.А.
«20» 05 2022ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Мұнай-газ ұңғымаларын күрделі жөндеу операцияларына арналған МК30Т колтубингтік қондырғысының конструкциясын модернизациялау»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған

Хаббасов Жанибек Кайратулы

Пікір беруші

т.ғ.д., профессор


Рагов Б.Т.



Ғылыми жетекші

Техника ғылымдарының
магистрі

Куандықов Т.А.



Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Энергетика және машина жасау институты

Технологиялық машиналар және көлік кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к, ассоц.профессор

 Бортебаев С.А.
«17» қаңтар 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Хаббасов Жанибек Кайратұлы

Тақырыбы: «Мұнай-газ ұңғымаларын күрделі жөндеу операцияларына арналған МК30Т колтюбингтік қондырғысының конструкциясын модернизациялау»

Университет Ректорының 2021 жылғы "24" желтоқсан № 489-П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы "20" мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: МК30Т колтюбингтік қондырғысы

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі.

а) Техникалық бөлім: Колтюбинг құбырларын қолданатын қондырғылардың басты артықшылықтары;

б) Арнайы бөлім: қондырғыға ақпараттық шолу жүргізілді;

в) Есептеу бөлімі: негізгі параметрлерге және модернизацияланған элементке есептеу жүргізілді;

г) Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі бөлімі: қауіпсіздік шаралары мен еңбекті қорғау шарттары қарастырылды;

Сызба материалдар тізімі (6 парақ сызба көрсетілген)

1. МК20Т колтюбингтік қондырғысының жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3. Сорарты агрегат сызбасы; 4. Бөлшек сызбасы; 5. Бөлшек сызбасы.

Сызба материалдарының 5 – і слайдта көрсетілген






Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атаудан тұрады.

Дипломдық жобаны дайынау


КЕСТЕСІ

Бөлім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Техникалық бөлім	25.03.2022 ж	
Есептік бөлім	20.04.2022 ж	
Арнайы бөлім	04.05.2022 ж	
Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	15.05.2022 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер,	Қол қойылған күні	Қолы
Техникалық бөлім	тех.ғыл.маг. Куандыков Т.А.	17.03.22	
Есептік бөлім	тех.ғыл.маг. Куандыков Т.А.	12.04.22	
Арнайы бөлім	тех.ғыл.маг. Куандыков Т.А.	05.05.22	
Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	тех.ғыл.маг. Куандыков Т.А.	13.05.22	
Норма бақылаушы	тех.ғыл.маг. Сарыбаев Е.Е.	17.05.22	

Ғылыми жетекшісі тех.ғыл.маг.



Куандыков Т.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Хаббасов Ж.К.

Күні: «17» 01 2022 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның мақсаты МК30Т колтыюбингтік қондырғысына модернизация жүргізу болып табылады. Дипломдық жоба түсіндірме жазбадан және графикалық бөлімнен тұрады.

Түсіндірме жазбада колтыюбингтік қондырғылардың сипаттамалары және инжекторлардың құлымдары мен жіктелуіне жалпы шолу келтірілген. Дипломдық жобаның арнайы бөлімінде модернизациялаудың мәні мен модернизацияланған инжектордың жалпы сипаттамасы берілген. Модернизацияның мәні – инжектордың фрикционды қалыптарына (колодка) көмірпластикті материалдан жасалған салымдарды енгізу болып табылады. Көмірпластикті салымдарды қолданы икемді құбырлар тізбегінің қызмет ету уақытын арттыруға мүмкіндік береді. Жоба еңбек қауіпсіздігі мен экологиялық тұрғыдан тексерілді.

АННОТАЦИЯ

Целью дипломного проекта является модернизация колтыюбинговой установки МК30Т. Дипломный проект состоит из пояснительной и графической части.

В пояснительной части приведены характеристики колтыюбинговых установок, а также общий обзор характеристик и классификации инжекторов. В специальном разделе дипломного проекта дается общая характеристика сущности модернизации и модернизированного инжектора. Суть модернизации заключается в внедрении вкладышей из углепластикового материала в фрикционные колодки инжектора. Применение углепластиковых вкладок позволяет увеличить срок службы гибких насосно – компрессорных труб. Наряду с расчетными работами, проект был проверен на безопасность труда и экологичность.

ANNOTATION

The purpose of the diploma project is the modernization of the МК30Т coiled tubing installation. The graduation project consists of an explanatory and graphic part.

The explanatory part contains the characteristics of coiled tubing installations, as well as a general overview of the characteristics and classification of injectors. In a special section of the diploma project, a general description of the essence of modernization and the upgraded injector is given. The essence of the modernization is the introduction of carbon fiber inserts into the friction pads of the injector. The use of carbon fiber inserts allows you to contrast the load, increasing the service life of flexible tubing. Along with the design work, the project was tested for occupational safety and environmental friendliness.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	6
1	Техникалық бөлім	7
1.1	Колтюбинг құбырларын қолданатын қондырғылардың басты артықшылықтары	7
1.2	Колтюбингтік қондырғы конструкциясы	10
1.2.1	Бірнеше мамандандырылған көлікте орнатылған жабдық кешені	12
1.3	Икемді құбырлар тізбегі	15
1.4	МК30Т колтюбингтік қондырғысы	16
2	Арнайы бөлім	19
2.1	Патентті – ақпараттық шолу	19
2.2	Модернизациялау мәні	20
2.3	Инжекторды модернизациялауға негіздеме	23
2.4	Инжекторды жетілдіру бойынша техникалық ұсыныс	24
3	Есептеу бөлім	25
3.1	Кинематикалық есептеу	25
3.2	Тісті берілісті есептеу	26
3.3	Тісті берілістің мүмкін тоқтаусыз жұмыс істеуін бағалау	31
3.4	Плашкалардың рұқсат етілген жүктемесін анықтау	33
4	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі	36
	Қорытынды	38
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39

КІРІСПЕ

Мұнай газ кешені өзінің бүкіл тарихындағы басым ұстанымы – дамыған аудандардан жаңа өнімдерді үздіксіз өндіруге ұмтылу болып табылады. Өкінішке орай еліміздің ғана емес дүниежүзінің басым кен орындары өнімнің төмендеуіне байланысты өндірістің соңғы сатысына таяп қалды.

Бұл кен орындардың эксплуатациясын жандандыру үшін оған едәуір салымдар мен күш қажет етеді. Сол себепті қазіргі таңда мұнай компанияларының басты мақсаты өнімді толық өндіре отырып оған кететін экономикалық шығындарды барынша азайту болып табылады. Бұл мәселені шешуге арналған мұнай өндірудің классикалық технологиялары көптеген кен орындары үшін өз шарықтау шегіне жетті.

Әлем тәжірибесінде қазіргі таңда мұнай газ өндірісінде ұзын құбыржол желілерін қолдану технологиялары кең етек алып отыр. Бұл олардың өнімділігі мен үнемділігіне байланысты.

Муфтасыз болат құбырлар (колтюбинг құбыры, икемді сорапты компрессорлық құбырлар – ИСКҚ, икемді құбыр тізбегі – ИҚТ) көп жағдайда өнім өндіруді жеңілдетіп, арттырады. Оларды қолдану аймақтары өте ауқымды.

Қазіргі таңда күрделі жөндеу жұмыстарына (КЖЖ) арналған мобильді топтың құрамына қарағанда колтюбинг қондырғыларын пайдалану әлдеқайда тиімді әрі арзан болапы табылады.

Колтюбинг технологиясы 1960 жылдары ойлап табылды, алайда өндіріс кешеніне 1980 жылдардан бастап ауқымды түрде енгізіле бастады.

КЖЖ тобының құрамдас бөліктері колтюбинг қондырғысына қарағанда әлдеқайда көп, оларға кететін шығындар да көп. Шалғай аймақтарға бағытталатын бригада саны мен оларды экономикалық қамтамасыз ету де үлкен шығындарға алып келеді.

Колтюбинг қондырғыларының артықшылығы да осында. Күрделі жөндеу жұмыстары үшін қажетті құралдардың барлығы бір шанақта орнатылған. Күрделі жөндеу жұмыстары үшін қайта мұнара орнатуды қажет етпейді. Онымен қоса колтюбинг құбырлары желісінің артықшылығы тек тік қана емес көлбеу оқпандардағы жөндеу жұмыстарын іске асыруға қолайлы. Сол себепті колтюбинг қондырғыларын КЖЖ және дебитті арттыру жұмыстарында кеңінен пайдалануға болады.

1 Техникалық бөлімі

1.1 Колтюбинг құбырларын қолданатын қондырғылардың басты артықшылықтары

Әлемегі колтюбинг құбырларын пайдалану тәжірибесі 60 жылдан астам уақыт аралығын қамтиды. Әрине осы уақыт аралығында бірнеше рет колтюбинг құбырларын қолдану дәстүрлі техника – технологияларды қолдану алдындағы айрықша артықшылықтары дәлелденді. Колтюбинг құбырлары дәстүрлі бұрғылау жұмыстарында қолданылатын құбырлардан артықшылықтарын келесідей атап өтуге болады [9]:

- жөндеу жабдықтарының комплексін дайындаудан бастап, технологиялық процессті аяқтауға дейінгі барлық пайдалану сатыларындағы сағаның толық герметикалығының қамтамасыз етілуі;

- бастапқы бітелусіз мұнай және газ ұңғымаларындағы жұмыс жасау мүмкіндігі;

- колтюбинг құбырларын пайдаланатын ұңғымаларды өндіру және ағын шақыруды қажет етпеуі;

- көтеріп – түсіру жұмыстарын жүргізу барысында қауіпсіздіктің жоғары деңгейі, себебі колтюбинг құбырларын қолдану барысында резьбалы қосылыстарды қосып, ажыратуға деген қажеттілік толықтай қажет етілмейді, сәйкесінше сорапты компрессорлы құбырларын (СКК) мұнара платформасында тасымалдау қажеттілігі болмайды;

- жұмыстар комплексінің барлық сатыларын жүзеге асыру барысында жұмысшы бригадалардың еңбек жағдайының жоғарылап, жеңілдеуі;

- ұңғыма ішіне қажетті жабдықтарды түсіру уақытының айтарлықтай қысқаруы. Муфталы қосылысты пайдаланатын көтеріп түсіру жұмыстары көп күш қуатты қажет етеді, себебі технологиялық процесс уақытының 40 пайыздан астам уақыты ұңғы үстінде жүргізілетін жұмыстарға, құбырларды бір – біріне жалғау және ажырату жұмыстарына кетеді;

- бұрғылау жабдықтарын оңай түсірудің қамтамасыз етілуі, көлбеу және қатты көлбеу оқпандарда оңай жұмыс жасау мүмкіндігі;

- қолданылатын жабдықтардың санының аздығына байланысты дәстүрлі жабдықтарды пайдалануға қарағанда жөндеу және бұрғылау жұмыстары барысында қатаң экологиялық талаптардың сақталуы;

- жөндеу жұмыстары барысында да, бұрғылау жұмыстары барысында да едәуір экономикалық үнемдеулер;

Бұл технологияны қолдана отырып жасалатын барлық жұмыс түрлері бойынша артықшылықтары 1 кестеде шет ел мен біздің елдегі жалпы көлемдеріне байланысты көрсетілген.

Қазіргі таңда мұнай газ саласындағы беделді компаниялар колтюбинг және иілгіш құбырларды пайдалана отырып жыл сайын ұңғымаларда мыңғай жуық операцияларды орындайды.

Колтюбинг және иілгіш құбырлар тізбегі (ИҚТ) ұңғымадағы жерасты жөндеу жұмыстары (ҰЖЖ) кезінде (құбырлар мен оқпанды құм тыңындарынан тазарту) кеңінен қолданады. ИҚТ технологиялары өндіріске енгізіліп бастаған кезде алғаш сыртқы диаметрлері 19 мм болатын құбырлар қолданылды. Қазіргі таңда ИҚТ ның диаметрі 114,3 мм болатын бұрғылау жабдықтары ойлап табылған. Мұнай газ өндірісінде ИҚТ технологияларын жетілдірумен қатар олард қолдануды қолайландыратын мұнай газ жабдықтары мен құрылғыларын дайындау технологияларын дамыту жүргізіліп келеді.

1 кесте – ИҚТ ны қолдана отырып жүргізілетін жұмыс түрлері

Жұмыс түрлері	Пайыздық көрсеткіштегі әр жұмыс түріне қатыстыжалпы теңгерім	
	АҚШ және Канада	Ресей және Орт.Азия
Ұңғымаларды жер асты жөндеу	95	100
оның ішінде		
Тығындарды жою		
СКҚ дағы электрортадан тепкіш сорапта	10	82,9
Штангалы сорап құбыржолында	–	3,5
Оқпанды тазалау, ұңғыманы азотпен үрлеу	50	6,7
Қышқылмен өңдеу	10	1
Аулау жұмыстары	13	1,74
Ұңғыманы цементтеу	5	–
Каротаж және перфорация жұмыстары	7	–
СКҚ ны перфорациялау	–	2,4
Ұңғыманың көлбеу аймақтарын және екінші оқпан бұрғылау	2	–
Өзге операциялар	3	–
ЕСКЕРТУ: Бағаналардағы сызықша (–) бұл жұмыс түрінің ИҚТ қолдану арқылы жүзеге асыру игерілмегендігін білдіреді		

Қазіргі таңда мұнай өндірісіне ИҚТ технологиясын кеңінен енгізу, бұл технологияның қарқынды дамуына әксіп соғады. Бұл технологияны жетілдірудің ерекшелігі оның мұнай газ өндірісінің қымат керсету және машина салаларындағы

барлық жабдықтарды қоса алғандағы дамуына қарағанда қарқыны өте тез. Дәстүрлі технологияларды қолданатын кен орындары өзінің жетілдірілуінің шарықтау шегіне жетті десек артық емес. ИҚТ технологиясын енгізуге болатын құралдар мен жабдықтарды мұнай газ өндірісіндегі айрықша жетістік деуге болады. ИҚТ технологиясын пайдаланып жұмыс жасайтын жабдықтар ұнғымаларды бұрғылау мен күрделі жөндеу жұмыстарының, әсіресе географиялық орналасуы күрделі, мысалы, Канада, Батыс Сібір, Аляска, солтүстік Мұзды мұхиты жағалаулар секілді жерлерде жоғры өнімділікті қамтамасыз етеді. ИҚТ комплексін платформалар мен жұмыс орны өте тар кен орындарында қолдануға болады, себебі оның құрамына дәстүрлі өндірістің маңызды кешеніне арналған мұнаралар мен мачталарды кірмейді.

ИҚТ технологиясының артықшылықтары мен оған енгізілеті жаңа технологиялық шешімдердің кең алуандығы оның жұмыс аумағы мен тиімділігін арттырып отыруға мүмкіндік береді. Мысалы ИҚТ құбырларын пайдалану мұнай және газ ұнғымаларын бұрғылау мен оларды аяқтау кезіндегі және каротажды зерттеу, еңіс және тік ұнғымалардағы пласттарды ашу секілді жұмыстарды жүргізу тәжірибесіне едәуір өзгерістер алып келді.

ИҚТ технологиясының алдағы уақыттағы дамуының қарқыны негізінде келесі факторларға негізделген:

а) қазіргі таңда иілгіш құбырлар желісінің кез – келген диаметрімен және ұзындығымен жұмыс жасай алатын жабдықтар ойлап табылды;

б) нейтралды және агрессивті сұйықтық орталарында жұмыс жасау кезіндегі құбыр желілерінің ұзақмерзімділігі;

ИҚТ технологиясымен жасалатын жұмыстардың жоғары тиімділігі кен орындарын өндіру стратегиясы мен тактикасына оңтайлы әсер ететіндігі сөзсіз. Алдыңғы кезекте бұл шалғай аумақтардағы және жету қиын кен орындары мен қабат сұйықтығы аномалды құрамы бар жерлерге қатысты. Бұдан бөлек ИҚТ жұмыстарын қамтамасыз ететін жабдықтардың үздіксіз дамуының арқасында бұрғылау, игеру, пайдалану және жөндеу жұмыстар комплексінің жоғары тиімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпылама бұл технологияның дамуының келесідей негізгі бағыттарын айқындауға болады:

– қондырғылардың өлшемдік класстарының кеңейтілуі;

– қондырғының техникалық деңгейі мен агрегаттардың эксплуатациялық мінездемелерінің арттырылуы;

– технологиялық процесстер мен жинақ топтарының функционалдығын автоматтандыру жүйелерін ойлап табу;

– қосымша албарлар мен ұнғыманың горизонталь аумақтарын үлкен диаметрлі, ұзын, муфтасыз құбырлармен бұрғылауға арналған қондырғылар өндірісі;

– сервистік қызмет көрсету мүмкіндігі;

Бұл бағыттардың дамуы үшін жабдықтарды сынау, технологияларды дайындау және қондырғыларды сынауға арналған полигондар құру, мұнай газ өндіріс орындарында аталған технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін аумақтарды дайындау әдістері аса маңызды болып табылады. Алдымен барлық мүмкін технологияларды пайдалана отырып, муфтасыз ұзын құбыржол желілерін ИҚТ ны муфталы СКҚ аусытыруға арналған көтергіштермен қатар пайдалану арқылы, содан соң ұңғыманы толық сервистік қызмет көрсету арқылы келесі операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік аламыз;

1) нысандарды ағымдық және күрделі жөндеу;

2) ұңғымаларды игеру;

3) айдау ұңғымаларында ИҚТ пайдалану;

4) ортадантепкіш сораптарда ИҚТ пайдалану;

5) ағызу сораптарында ИҚТ қолдану;

б) сериялық штангалы сораптарды гидрожетек арқылы ИҚТ көмегімен пайдалану;

1.2 Колтюбингтік қондырғы конструкциясы

Икемді құбырлар тізбегін пайдаланып өткізілетін жұмыстардың сағалық жабдықтарына сол ұңғымада жабдықталған пайдалану арматурасы қолданылады (сурет 1). Ол фонтанды арматура, электр ортадан тепкіш сорап қондырғысының эксплуатациялық арматурасы, айдау ұңғымасының арматурасы, экстренцикалық шайбалы штангалық ұңғымалық қондырғы болуы мүмкін [9].


Алғашқы үш жағдайда жоғарғы ысырманьң фланеціне жер асты жөндеу жұмыстарына арналған жабдықтар комплексіне кіретін төртсекциялы превентор монтаждалады. Превентор икемді құбыр желісінің ұңғымаға жеңіл түсірілуін қамтамасыз етуі қажет. Авариялық жағдай туындаған жағдайда превентор икемді құбыр түсірілген СКҚ кеңістігін толық герметизациялайды, немесе құбырларды ілінген қалпында ұстап тұрады не кесіп тастайды, немесе ұңғыманың көлденең қимасын толық бітеп тастайды.

Қарастырылып жатырған жабдық комплекстерінде механикалық немесе гидравликалық жетекті плашкалы превенторлар қолданылады. Өндіріс орындарында механикалық превенторларға қарағанда гидрожетекті превенторлар аса қолданылады, себебі жоғары пайдалану ұңғымаларының арматура фланецтерінің биік болуы дер кезінде қолмен превенторды іске келтіруді қиындатады. Мұнай ұңғымасының превенторды басқару механизмі 1,5 – 2 м, ал газ ұңғымаларында 3 – 4 м болатын жағдайлар сирек емес.

Превентордың жоғарғы фланеціне герметизатор монтаждалады. Ол СКҚ құбырының кеңістігі немесе ИҚТ жұмыс барысындағы пайдалану құбырының штангалық жағдайында герметизациялануын қадағалайды.


Кең жағдайда герметизатор икемді құбыр жүргізілген тығын элементін қамтиды. Икемді құбырды тығын элементімен қысу деңгейі құбыр және оның цилиндрі арқылы өтетін жұмыс сұйықтығының қысымымен анықталады. Жұмыс барысында гидрожетек штогының цилиндрінің орналасуына байланысты тығын элементі қажетті кепілді тесік немесе толық тығыздықты қамтамасыз етеді. Кей конструкцияларда тығын элементі мен құбыр арасында пайда болатын үйкеліс күші әсерінен құбыр ілінген қалпында ұстап тұрыла алады.

Герметизатордың жоғары жағына құбырды мәжбүрлі түрде жоғары төмен жүргізетін арнайы құрылғы орнатады. Отандық техникалық әдебиеттерде оны тасымалдаушы (транспортёр), ал ағылшын тілді жазбаларда – инжектор немесе инжекционды бас деп атайды.



1 – тасымалдаушы көлік; 2 – оператор кабинасы; 3 – ИҚТ барабаны; 4 – ИҚТ жинағыш;
5 – икемді құбырлар тізбегі; 6 – бағыттаушы; 7 – тасымалдаушы; 8 – сағаны герметизациялаушы; 9 – превентор; 10 – тасымалдаушы тірегі; 11 – ұңғыма сағасының жабдықтары; 12 – саға; 13 – сорапты қондырғы; 14 – агрегат рамасы.


1 сурет – Жартыприцептегі агрегаттың жұмыс жағдайындағы компоновкасы



1 – ИҚТ жинағышы; 2 – икемді құбырлар тізбегі; 3 – бағыттаушы доға; 4 – ысырма;
 5 – тасымалдаушы; 6 – вертлюг; 7 – ИҚТ барабаны; 8 – саға герметизаторы; 9 – көлденең қиманы бітеуші; 10 – кескіш плашкалар; 11 – ұстап тұрушы плашкалары; 12 – ИҚТ герметизаторы; сұйық шығару (отвод); 13 – СКҚ кеңістігі; 14 –Пайдалану құбыры мен МКҚ арасындағы сақиналы кеңістік.

2 сурет – ИҚТ мен жұмыс барысындағы саға жабдықтары мен агрегаттың негізгі тораптары

1.2.1 Бірнеше мамандандырылған көлікте орнатылған жабдық кешені.
 Бірнеше мамандандырылған көлікте орналасқан жабдықтар кешенінің арасындағы ең қолайлы жабдықтарды «Dresco» фирмасының ұсынған жабдықтары болып табылады. Олардың жабдықтары екі агрегаттардан тұрады, біріншісі құбырлармен қажетті операцияларды жүргізсе, екіншісі технологиялық сұйықтықты дайындап, беруге арналған. Икемді құбырлар тізбегімен қамтамасыз ететін жабдық он ға он жетекші дөңгелекті шассиге орнатылған (сурет 3). Ол екі алдыңғы және үш артқы көпірден тұрады. Конструкцияда қолданылатын көпірлер арнайы осы жабдықтар үшін дайындалады. Соңғы аталғандарды және олардың механизмдерін жұмысқа келтіру үшін жүргізуші кабинасының қасында және артында орналастырылған дизелді қозғалтқыштар қолданылады. Қозғалтқыштан келетін айеалу моменті раманың ортасында орнатылған тарату қорабы арқылы алдыңғы және артқы көпірлерге беріледі. Қозғалтқыштың үстінгі жағында арнайы бағыттауыштардың үстіне 1 метр биіктікте жылжымалы агрегатты басқару кабинасы орнатылады.




1 – жүргізуші кабинасы; 2 – күштік агрегат; 3 – оператор кабинасы; 4 – ИҚТ барабаны; 5 – икемді құбырлары бар катушка; 6 – бағыттаушы доға; 7 – тасымалдаушы (транспортёр); 8 – монтаждау қондырғысы; 9 – шассидің артқы жетегі; 10 – шассидің тарту қорабы; 11 – алдыңғы жетек.

3 сурет – «Дреско» фирмасының икемді құбырлар тізбегімен жұмыс жасауға арналған агрегаты

Агрегат рамасының ортасында икемді құбырлар жинақталған арнайы барабан болады, ол технологиялық процесті СКҚ құбырларымен қамтамасыз етеді. Агрегаттың артқы бөлігінде гидрожетектік манипулятор орналастырылған және тасымалдаушы (транспортёр), превентор мен құрал жабдықтарды жинақтауға арналған орын қарастырылған. Олардың жанында тасымалдаушыны (транспортёр) агрегатпен қосуға арналған икемді құбырлар тізбегі бар катушка орналастырылған.

Келесі қосымша агрегат ол сұйықтықпен қамтамасыз ететін агрегат. Технологиялық сұйықтықтың қызуын бақылап, айдалуымен қамтамасыз ететін агрегат басқару кабинасының конструкциясы жоғарыда аталған агрегаттың кабинасына ұқсас және алтыға төрт жетегмен жұмыс жасайтын мамандандырылған автошассиге орнатылған (сурет 4). ИҚТ агрегатындағыдай бұл жерде де қозғалтқыш кабинаның артында орналастырылған және қызмет көрсетуші бригадаға арналған кабина бұл агрегатта қарастырылмаған. Агрегаттың тораптары басқару қондырғысының ортаңғы бөлігінде орналастырылған арнайы пультпен жүзеге асырылады. Агрегат технологиялық сұйықтықты қыздыруға арналған пеш, оны сақтауға арналған резервуар, сұйықтықты икемді құбырлар тізбегіне айдауға арналған сорап, отын бактары мен бақылау – өлшеу аспаптарымен жабдықталған.


Қыздырылған технологиялық сұйықтық сораптан ИҚТ жинақталған агрегатқа тез жиналатын металл құбырлар желісі арқылы беріледі.



1 – жүргізуші кабинасы; 2 – күштік агрегат; 3 – қыздырғыш пеш; 4 – техникалық сұйықтықты айдауға арналған плунжерлік сорап; 5 – техникалы сұйықтықты сақтауға арналған резервуар.

4 сурет – «Dгесо» фирмасының технологиялық сұйықтықты әзірлеуге және айдауға арналған агрегаты

Жоғарыда аталған агрегаттың кемшілігі – шасси дөңгелектерінің кіші диаметрімен айқындалады. Бұл агрегаттардан бөлек қолданыста екі прицепте орнатылған агрегат түрлері де болады. Екі прицепті агрегаттардағы жабдықтар кешенінің орналасуы әртүрлі болады (сурет 5). Олардың бір ерекшелігі оператордың кабинасы ИҚТ барабанына дейін орналастырылады. Онда орналасудың артықшылығы саға жабдықтарының операторға айқын көрінуінде, бірақ барабанға құбыр орау барысында қиындықтар туындайды.



1 – жүргізуші кабинасы; 2 – ИҚТ барабаны; 3 – ИҚТ жинағыш; 4 – оператор кабинасы; 5 – агрегат рамасы; 6 – бағыттаушы доға; 7 – тасымалдаушы (транспортёр); 8 – тасымалдаушыны жұмыс жағдайына келтіру механизмі; 9 – технологиялық сұйықтықты беруге арнаған сорап.

5 сурет – автомобиль шассиі мен тіркемеге орнатылған жабдықтар кешені

1.3 Икемді құбырлар тізбегі

Қазіргі кезде мұнай – гай өндірісіне арналған колтюбинг технологиясының икемді құбырларының өндірісі бойынша әлемде алдыңғы қатарлы бес фирманы атауымызға болады. Олар: американдық фирмалар Tenaris Coiled Tubes (Precision Tube Technology), Quality Tubing және Global Tubing, одан ресейлік «Уралтрубмаш» ААҚ және Тула қаласындағы «ESTM» компаниясы.

Аталған компаниялар өнімді сатып алушының тапсырысы бойынша әзірлейді. Бірақ әр ел компанияларының өндіреті құбырлары өзара техникалық сипаттамаларымен, беріктіктері мен сапасына қарай ерекшеленеді. Шетелдік компаниялар А606 және А607 ASTM стандарттары бойынша көміртекті болаттан серпімділік модулі $\sigma_T = 48,3 \div 74,5 \text{ Н/мм}^2$, $\sigma_B = 55,2 \div 79,3 \text{ Н/мм}^2$ болатын беріктігі әртүрлі ұзын өлшемді құбырлар өндіреді. Бұл компаниялар ИҚТ диаметрі 38,1 мм және 33,5 мм өлшем шектеріндегі құбырларды (материалдары: S420MC болат, А606 болат 4 тип) сериялық түрде және тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша арнайы өлшемдердегі құбырлар өндіреді. Ал ресейлік компаниялардың өндіретін құбырлары API Q1 стандарттаушыларының API 5ST стандарты бойынша сериялық және арнайы құбырлар өндіреді.

Ұңғымаларды күрделі жөндеу кезінде (оның ішінде қабатты гидрожару кезінде) көп жағдайда диаметрі 50,8 мм дейінгі құбырлар, ал бұрғылау жұмыстары кезінде 60,3 мм және одан жоғары құбырлар пайдаланылады. Терең ұңғымаларды бұрғылау кезінде қабырға қалыңдығы ауыспалы құбырлар тізбегі қолданылады.

Құбырлар осьтік ұзындығы 1520 ÷ 2100 мм, өзекше диаметрі 1830 ÷ 3300 мм және реборда стандартты диаметрлері диаметрі 2840 ÷ 4570 мм катушкаға оратылып, сақталады. Катушканың өзекшесі мен құбыр диаметріне байланысты барабанға 2 – 5 мың м – ден (үлкен диаметрлі құбыр) 20 мың м – ге дейінгі (19.1 мм құбырлар үшін) оралуы мүмкін.

Үлкен диаметрлі құбырларды колтюбинг қондырғысында пайдалану құбыр орамының массасымен және көлік габариттерімен шектеледі. Сол себепті құрлықтағы колтюбингтік бұрғылау үшін 66,7 мм ден артық емес құбырлар қолданылады. Құбыр тізбектерінің диаметрлеріне қатысты оларды құбыр бунттарында ірілендіру технологиясы өндіруші кәсіпорындарында пысықталып қарастырылады. Алайда құбырдың өзіндік беріктігімен бірдей болатын етіп пісіру өте қиын, мүмкін емес десек те артық емес.

Түйіндік ұзынөлшемді құбырлардың (ТҰҚ) жұмыс процесінде көтеріп – түсіру процессінің барынша көп санын қамтамасыз ету мақсатында өндірісіне жоғары талаптар қойылады. Құбырлар жұмыс барысында өз салмағы әсерінен созылуға, уақытша майысуға және ішкі қысым әсерінен жүктемеге ұшырайды. Ождан бөлек агрессивті ортаның ықпалында көп жұмыс атқарады. Сол себепті олардың эксплуатациялық уақытын және параметрлерін арттыру үшін дайындалған өнімді арнайы пресстер мен сынамалар арқылы зерттеген соң ғана пайдалануға

береді. ИҚТ ны барабанына дұрыс жинақтамай, сақтау шарттарын сақтамау, құбырға түсетін механикалық зақымданулар мен сызаттардың пайда болуының әсерінен бұзылуына алып келеді. Бұл құбырлар болаттың беттерін прокаттау арқылы жасалады. Сол себепті олардың түйіндерін дәнекерлеу технологиясының және оны бақылау стандарттарының төмен болуы эксплуатация кезінде үлкен апаттық шығындарға әкеп соғады. Бағыттаушы доға радиусының аз болуы ИҚТ ның қызмет ету мерзімі 3 – 5 есе азайтады. Колтюбинг қондырғысының шанағында қажетті диагностикалық – бақылау аспаптарының болмауы, құбырдың мерзімсіз тозуына және уақытынан бұрын үзіліп, эксплуатациядан шығуына әкеп соғады.

2 кесте – Болат ИҚТ типтік өлшемдері

Диаметр, мм	Қабырға қалыңдығы, мм
19,1	2,0 – 3,0
25,4	2,2 – 3
31,8	2,2 – 4,4
33,5	2,2 – 4,0
38,1	2,4 – 4,8
44,5	2,6 – 5,2
50,8	2,8 – 5,2
60,3	2,8 – 6,0
66,7	4,4 – 6,0

1.4 МК30Т колтюбингтік қондырғысы

Дипломдық жобада мен мұнай газ өндірісінде танымал ЖБАҚ «Фидмаш» (Беларусь Республикасы) зауыты шығаратын МК30Т колтюбингтік қондырғысын қарастырдым (сурет 6) [10]. Беларусьтағы Минск зауыты ТМД елдеріндегі икемді құбырлармен жұмыс жасауға арналған агрегаттар нарығының 70% - ын қамтиды.

"Фидмаш" жақ (ФИД-Беларусь өнертапқыштық пен рационализацияны дамыту және қолдау қорының Ресей – Беларусь кәсіпорындар тобының құрамында) "Газпром" РАҚ байқауында үздік деп танылған мобильді колтюбинг қондырғысының тәжірибелік үлгісін жасады, оны Ресей экономикалық кеңістігіндегі технологияның бастауы деп санауға болады.



6 сурет – МК30Т агрегаты

МК30Т колтюбингтік қондырғысы диаметрі 38,1 мм және ұзындығы 4200 м болатын құбырлар тізбегімен жұмыс жасайды. Агрегат он ға он жетекті МЗКТ Volat шассине жинақталған. «Фидмаш» ЖБАҚ фирмасының МК30Т маркалы колтюбингтік қондырғысы «Газпром» РАҚ конкурсының нәтижесі мұнай газ экономикалық әлеуетінің үздік технологиялық қондырғы үлгісін жасаған жаңа бастама болып танылған.

Таңдап алынған олтыюбингтік қондырғы ауыр класстағы агрегат болып табылады. Ауыр класстағы колтыюбинг қондырғыларының ерекшелігі қолдануға болатын құбырлар диаметрлерінің алуантүрлілігі болып табылады. Сол себепті кез келген ұңғымалардағы жөндеу және тағы басқа жұмыстар үшін пайдалануға өте қолайлы. Қондырғы жксплуатациялық жағдайда өте жинақы болып табылады және қосымша агрегаттар мен көтеріп – түсіру операцияларын жүзеге асыру үшін мұнараны қажет етпейді. Бұл уақыт үнемдеу үшін керемет шешім.

3 кесте – МК30Т колтюбингтік қондырғысының сипаттамалары

Базалық шасси	МЗКТ Volat
Доңғалақ жетегінің формуласы	10 x 10
Қозғалтқышы	ЯМЗ – 7511
Қозғалтқыш қуаты, кВт (ат күші)	300
Инжектордың максималды тарту күші, кг · күш	45900/27215/36200

3 кестенің жалғасы

Иілгіш құбырды беру жылдамдығы, м/с	0,015 ÷ 0,80
Ұңғыма сағасындағы макс. қысым, Мпа	70
Икемді құбыр диаметрі, мм	19,05 ÷ 50,8
Құбырға арналған орама торабының сыйымдылығы 38,1 мм, м	4200
Максималды жылдамдығы, км/сағ	60
Кабинадағы орын саны	2
Тасымалданатын жүктің салмағы, кг	29500
Жарақталған шассидің салмағы, кг	59000



7 сурет – МК30Т қондырғысы эксплуатациялық жағдайда

2 Арнайы бөлім

2.1 Патентті – ақпараттық шолу

МК30Т колтюбингтік қондырғысына жалпы шолу барысында қондырғы инжекторының артықшылықтары мен кемшіліктері анықталған болатын. МК30Т және басқа да колтюбингтік қондырғылардың инжекторының басты кемшілігі фрикционды қалыптардың жеткіліксіз жүктеме мен өту өнімділігін беруі. Осының әсерінен икемді құбыр тезірек тозуға ұшырап, эксплуатациялық уақыты азаяды.

Сол себепті құбырдың тозуын азайтып, оған түсетін жүктемені арттырып, қалыпқа келтіру мақсатында дипломдық жобада инжектордың фрикционды қалыптарына модернизация жасау қарастырылған.

Модернизацияның негізі МК30Т қондырғысының инжекторының құрамындағы фрикционды қалыптарын модернизациялау. Негізгі модернизация фрикционды қалыптарды көмірпластикалық бастырмалармен жабдықтау.

Дипломдық жобада базалық инжектор түрінде МК30Т колтюбингтік қондырғыға арналған тарту күші 36200 кг · сек (362 кН) болатын FM236 инжекторы алынды (сурет 8).


Бұл инжектордың өзіндік конструкциясының кемшілігі, икемді құбыр көп пайдалану кезіндегі көп иілуге ұшырайтындығында. Соның әсерінен икемді құбыр өз профилін өзгертіп, доғалық пішінге ие болады. Бұл өз кезегінде ИҚТ ның фрикционды қалыптармен ұсталуын азайтады, соның кесірінен фрикционды қалыптардың тудыратын тарту күші азайады, сәйкесінше құбырға түсірілетін жүктеме қажет шегіне жетпей, жұмысқа кері әсерін береді. Фрикционды қалыптардың қысу күшін арттыру үйкеліс коэффициенті аз, шыңдалған болаттан дайындалатын фрикционды қалып сухарьларының зақымдануына алып келеді. Сол себепті сухарьларды жиі ауыстыруға тура келеді.



8 сурет – FM236 маркалы «Фидмаш» ЖБАҚ инжекторы

2.2 Модернизациялау мәні

Үздіксіз икемді болат құбырларын көтеріп түсіруге арналған тартқыш шынжыр.



1 – фрикционды колодка, 2 – сухарь, 3 – болат салымдар, 4 – көмірпластикті салымдар, 5 – ось, 6 – ролик, 7 – бет.

9 сурет – Шынжырлы жетектің жалпы көрінісі

Үздіксіз икемді болат құбырларын көтеріп түсіруге арналған шынжырлы күштік жетектің құрамына фрикционды колодкалар, ось, шынжыр беттері, оған қоса фрикционды колодкалар төрт бөліктен тұратын арнайы алып салынатын бастырмалармен жабдықталған. Модернизациялауымыздың мәні төрт болат сухарьлардың екеуін композитті материалдармен ауыстыру. Композитті материал ретінде көмірпластик қолданылады. Көмірпластикті салымдар мен болат салымдадың беттерінің аудан қатынасы 1:1,5.

Сухарларға орнатылған салымдар арнайы ұяшықтарға орнатылады, және ұяшықтар арасындағы саңылау аумағында жүзбелі (бос) жағдайда орнатылады.

Фрикционды колодканың сухарьларының екеуі композитті, екеуі болат материалдан жасалуының арқасында, ал сухарьдің номиналды диаметрі құбырдың сыртқы диаметріне сәйкес келуінің арқасында, құбыр өзінің бастапқы көлденең қимасын тез қайтаруы үшін қажет жүктеме береді.

Композитті материал ретінде көмірпластикті қолдану өте ұтымды, себебі, көмірпластик жоғары беріктік пен жоғары үйкеліс күшіне ие (кесте 4).

4 кесте – Қолданылатын болат және көмірпластик материалдарын салыстыру

№	Материал	Тығыздығы, $\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	Беріктігі, МПа	Юнг модулі, ГПа	Меншікті беріктігі, $e \cdot 10^3$
1	Көмірпластик	1450 – 1600	780 – 1800	120 – 130	9 – 20
2	Шындалған болат	7800	1400	210	2,7

Болат салымдар мен көмірпластикті салымдар арасындағы проценттік қатынастың 1 ге 1,5 болуы жанасу ауданындағы құбырға түсірілетін жүктеменің қалыпты әрі толық болуына байланысты таңдалып алынды.

Шынжырлы күштік жетек (сурет 9) екі болат (3) және екі көмірпластикті (4) салымдары бар арнайы ұяшыққа қондырылған сулары (2) бар фрикционды колодкадан 1 және шынжырдан тұрады.

Күштік жүктеме арнайы роликтермен (6) және беттермен (7) жабдықталған ось (5) арқылы фрикционды колодкаларға беріледі.


Тасымалдаушы (транспорттер) (сурет 10) тасымалдаушы шынжырға (2) тіректі мойынтіректермен (3) (4) орнатылған жүріс винттері (5) вертикаль орнатылған арнайы рамадан (1) тұрады.

Винттің екі жағында да өстес жұлдызшаларға (6) орнатылған, күш беруші плашкалар (8) қондырылған шынжырлар (7) бар.

Шынжырлардың ішкі бетінде ролик (10) арқылы бекітілген тіректерге (9) қондырылған плашкалар (8) өзара сепаратормен (11) байланыстырылған.

Тіректер параллел беттерде орнатылған бағыттаушытары бар бүйірлік беттермен (12) жабдықталған.

Өзара беттер (12) мен тіректер (9) осьтерді (14) мойынтірек арқылы бекітетін жұлдазшалары (6) бар қысу жетегімен (13) байланыстырылған



1 – рама; 2 – құбыр; 3,4 – тіректі мойынтіректер; 5 – жүріс винттері; 6 – осьтес жұлдызшалар; 7 – шынжырлар; 8 – плашкалар; 9 – тіректер; 10 – роликтер; 11 – сепаратор; 12 – беттер; 13 – қысу жетегі.

10 сурет – Тасымалдаушы схемасы

Тасымалдаушының қысу жетегінің көмегімен сухарьда орнатылған фрикционды колдокаға жүктеме беріледі. Сол жүктеме арқылы икемді құбырлар тізбегі қысылады. Басты мәселе осы қысу кезінде құбырдың өте көп қайтымсыз деформацияға ұшырайтындығында. Қалыпты жағдайда құбыр плашкалар арасында орналастырылады. Жылжымалы тірек, ролик, плашка және төсем көмегімен қысу жетегі өзара теңесетін қысыммен құбырға жүктеме түсіреді.

Жетегімізді іске қосқан кезде өзара параллель орналасқан тасымалдау шынжырлары синхронды түрде қозғала бастайды. Құбыр плашкаларда орнатылған фрикционды колдоқалардың көмегімен ұңғымаға қарай қажетті жүктемемен беріліп бастайды. Синхронды қозғалыс траекториясына байланысты тасымалдаушының оң және сол жақ бөліктеріндегі плашкалар осьтік жүктеме мен вертикаль жүктемені шексіз беру процесіне қатысады. Сол кезде құбырлардың

жылжуға қарсыласуы (бұрғылау мен салмаққа байланысты) тіректі мойынтіректер мен жүріс винттері арқылы қабылданып алынады.

Жұмыс барысында икемді құбыр екі фриktionды колодкалардың арасына қысылып, ары қарай ұңғымаға беріледі. Фриktionды колодкалардың диаметрі құбырлардың деформациялануын ескермегендегі сыртқы диаметріне сәйкес келеді. Сол себепті сухарьға орнатылған арнайы көмірпластикті салымдардың арқасында құбыр деформацияланға күннің өзінде бастапқы көлденең қимасына қайта алады. Соның өзінде құбыр салымдардың көлденең қимасымен толық жанасады және қажетті жүктемені иеленеді.

Ұяшықтардың арасындағы саңылаудың арқасында құбыр мен салымдардың жанасуы толық болады және құбырларды бағыттау жұмыстары жеңіл жүзеге асырылады. Соның есебінен жоғары жүктемеге қол жеткізіледі.

Қолданылатын құбырдың диаметріне байланысты тасымалдаушының салымдарын өзгерту арқылы құбырға икемдеп аламыз.

Осылайша модернизациядағы ұсынылған техникалық шешім тасымалдаушының мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік беріп, эксплуатациясын жеңілдетеді.

2.3 Инжекторды модернизациялауға негіздеме

Патенттік – ақпараттық шолу, әртүрлі ғылым зерттеу жұмыстары мен беделді техникалық журналдарды зерттеу барысында шынжырлы инжекторлы қондырғының келесідей кемшілігі анықталды. Инжекторлардың барлық түрлерінің ең басты кемшілігі фриktionды колодкалардың құбырға беретін жүктемесінің қалыпсыз әрі аз болуы. Осының есебінен икемді құбыр жоғары деформацияға ұшырап, эксплуатациялық уақыты азаяды.

Инжектордың құбырға салатын жүктемесін арттыру үшін дипломдық жобада фриktionды колодкаға модернизация жасау қарастырылған.

